

ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ МӘДЕНИ-ӨРКЕНИЕТТІК КОНТЕКСТІ

«Этнос» түсінігінен бастасақ бұл сөз «топ», «тайпа», халық» деген ұғымдарды білдіреді. Бұл ұғым грек тілінен алынған, ал олай болса көне заманда пайда болған түсінік. Бұл түсінікті қазіргі замандағы халықтардың генезисін зерттеуде ғылымға енгізген. Этнология адамзат тарихында толып жатқан этностардың (тайпалардың) болғанын, заман өте олардың жоқ болып кеткенін, не болмаса басқа этностармен ұласып бір мемлекеттің халқына айналғанын көрсетеді.

Этностардан құралатын адамзат туралы ұғым олардың барлығын біріктіретін жалпы өлшемді мойындауды логикалық түрде аңғартады. Мұның мәнісі әр өркениетте жалпы адамзаттық сипатқа ие адамзаттың ортақ жетістігін құрайтын бір тағдырмен байланған мәдени құндылықтардың бар екендігіне саяды. Оларға тұлғаның қоғамдағы орны зайырлы және діни гуманизм, парасат бостандығы, эстетикалық көркемдік, еркіндік, бірқатар экономикалық құндылықтар, экологиялық түсініктер т.б жатады. Осы негізде метамәдениет, яғни жергілікті өркениеттер мен мәдениеттер мәдени әркелкілігін сақтай отыра, ғаламдық өркениеттің бір ағза ретінде дамуы туралы түсінік туады. Метамәдениет бұл жерде жалпы адамзаттық құндылықтарды жинақтап, адамзаттың біртұтастық ретінде өмір сүруі мен дамуына септігін тигізеді. Метамәдениеттің пайда болуы, біріншіден, тенденция (үрдіс) ретінде; екіншіден, келешектегі тиімділік ретінде; үшіншіден, жалпы адамзаттық дағдарысты игеріп, жаңа өркениет түріне енетін адамзаттың жаңа принциптік тарихы ретінде қарастырылады.

Қазір мемлекет аралық қайшылықтарды өз еркімен жоюға және мәдениеттердің ортақ түйісу нүктелерін іздеуге деген талпыныс бар.

Алайда, жаһандану сондай-ақ әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекетінен және өзара кірігуінен де көрінеді. Ғаламдық контексте ұлттық мәдениеттердің дамуын талдау әлемдік мәдениеттің бұрынғы, оқшау сипатын алмастыратындай қандай да біртұтас мәдениеттің қалыптасуы туралы қағидалар дәлелденбейді. Жаһандануға белсенді түрде еніп кеткен елдер өздерінің ұлттық рухани мәдениетінен мүлдем бас тартпайды, керісінше оны әлемдегі өзгерістерді ескере отырып, сақтайды және дамыта түседі. Мұның ең жарқын үлгісі ретінде экономикада, технологиялық

салада табысты жаңаруды жүргізген және тіпті, ғаламдық мәдени үдеріске интеграцияланғаннан кейін де өздерінің ұлттық мәдениеттерінің ерекшеліктерін сақтап қалған Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін, Жапонияны, Қытайды, Үндістанды атауға болады.

Тың сапалық кеңістікке шығу үшін біз өркениеттің жаңа өлшемін ұсынуымыз керек. Еліктеу және әлдекімдерден үнемі шәкірт болып оқу, оқи беру өркениеттілікке жеткізбейді. Абай айтқандай “болмасаң да ұқсап бақ” деген өлшемді ұстаған жөн. Қазақстандық өркениеттің, құдайға шүкір, бар құрамды қажетті алғышарттары, толықтырылулары бар. Бастысы саяси еркіндік, мемлекетіміз бар, мол тарихи-мәдени мұрамыз бар, білімді халқымыз бар. Геополитикалық жағынан алғанда еуразиялық кеңістік, Шығыс пен Батыстың арасы, түркілік, мұсылмандық славянддық, еуропалық мәдениеттердің тоғысқан жері. Республика халқы ХХ ғасыр бойы “бір қазанда” мейлінше қайнады, соның нәтижесінде Қазақстанда ортақ жаңа мәдени капитал орнығып келеді. Қалыптасу үрдісінің үнемі үміт пен күдікке толы болатыны белгілі. Мәдени үрдісте дәстүрлік те, вестернизация да, модернизация да бар. Мәселе солардың қай тармағы мемлекеттік мүддеге сәйкес келеді, соны қолдау болашаққа бағытталған сана болмақ.

Кейбір батыс ойшылдары мәдени тұтастану процесінің негізінде әлемдік діндердің қалыптасуы жатыр дейді. Мысалы, Г.Моска бойынша, діни бірегейлену нәтижесінде біртіндеп өркениетті халықтардың арасындағы байланыстар тұрақты бола бастады; олар енді ассимиляциялау және жеңілген халықтарды құрту есебінде қашанда құрыла бермейтін, үлкен бірегей империялардың құрастырылуы басталды және де жеңімпаздарды енді жеңілген халықтардың тәуелді жағдайы толық қанағаттандырды. Солай, жеңімпаз жеңілгендерге өз құдайларына табыну құқын қалдыру саяси актісіне жиі баратын болды. Бұл сәттен бастап ұзақ кездерде бейбітшілік пен ұлтаралық жанжалдарды тыныштандыруға жету мүмкіндігі туды, ал мұның өзі орасан зор саяси организмдердің тұрақтануына әкелді. Және де біз әлемде, нәсілдік ерекшеліктерді ескермейтін үлкен әмбебапты дүниежүзілік діндер сияқты, салыстырмалы жас феноменнің пайда болғанын көреміз, және де ол тілдік және саяси режим айырмашылықтарына қарамай, өз доктриналарын барлық жерге таратқысы келеді [1, 11 б.].

Осы әмбебаптылыққа әлемде әлі күнге дейін бағдарды сақтап келген, үш ұлы діндерге буддизм, христиандық және ислам жатады. Олардың

әрқайсысы ілімдердің бірегей тізбегін өздеріне енгізеді, бірақ буддизмде философиялық негіз болды, ал теология христиандық пен исламда үстемдік етті. Олардың әрқайсысы дәл өзі абсолюттік ақиқатқа иеміз деп есептейді және олардың сақталуы, адамдарға бұл өмірде де, о дүниеде де игілік әкелетін, сенімді және кіршіксіз дұрыс басқару болып көрініс табады. Осы жерде адамдардың осы діндердің біріне жатуы, нәсілдік және тілдіктен ерекше, халықтардың арасында өте нық байланыстырушы дәнекерлікті тудырады, және де оларда ерекше ортақ мораль саласындағы түсініктерді, яғни өмірге, саяси мүдделілікке және отбасылық дәстүрлерге деген жалпыға бірдей көзқарастарды қалыптастырады. Бұл, олардың белгілері соншама терең және көрнекі болғандықтан, жойылмайтынға жуық, ерекше әлеуметтік типті қалыптастыруға жеткізеді. Бұл ұлы діндердің пайда болуы өмірде бұрын байқалмаған әлеуметтік және ұлттық типтердің анық бөлінуіне әкелді деп, айтуға да болады. Шынында да, бұрын египеттік, халдейлік және гректік этномәдениеттер болды, бірақ христиандық немесе мұсылмандық этномәдениеттер болмады, яғни оларға тілі, нәсілі бойынша ерекшеленетін, бірнеше саяси организмдерге бөлінген, бірақ өзінің дінінде, сенімдерінде, мәдениеттерінде бірегей құрылымдар өмір сүрмеді.

Бұл ұлы діндердің, әрқайсысы өздерінің ерекше ілімдерімен, жақсы қойылған діни иерархиясымен, бір жағынан туысқандық дәнекерлікті қалыптастыруға және бір сенімділерді ассимиляциялауға жақсы қызмет атқарды, бірақ, екінші жағынан, әр түрлі сенімдердегі халықтарды жақындастыруды ұстап тұратын, үлкен қуатты фактор болды. Олар шекаралас елдерде, ал кейде бір территорияда тұратын, нәсілі және тілі жағынан туыс адамдардың арасында өтілмейтін терең ор қазды. Шынында да, Балқанда және Үндістанда өмір сүретін халықтардың бірігуін діни айырмашылықтар қиял-елес етіп жіберді. Қытайда Аспан астындағы империяның балалары, олардың нәсілі және тілі бөлек оңтүстік провинциялардың тұрғындарын ассимиляцияға ұшыратты, бірақ руи-цзелермен – қазіргі Қытайдың солтүстік-шығыс провинциялары аудандарына мың жылға жуық бұрын қоныстанған, түрік тайпаларының тармағымен осылай болмады. Қытайлықтарға тілі және сыртқы түрі бойынша жақын бұл халық, тіпті қытайлықтармен бір қалада тұрғанымен, олардың аталары әлі Ұлы Қытай қорғаны салынғанға дейін қабылдаған, мұсылмандық сенімдерінің арқасында олардан моральдық оқшаулықты сақтап келеді.

Қазіргі кездегі жағдайда этностық үрдістердің ағымына бұқаралық ақпарат құралдары дамуының әсері зор. Бұған қоса саяси фактор, дәстүрлі ойлау жүйесі, демографиялық өзгерістердің де алатын орны ерекше. Барлық ұлттар өз тұтастығын мәдениеттегі немесе діндегі орнықты дәстүрлер негізінде сақтаған дәстүрлі қауымдастықтарға қарағанда діни, мәдени, саяси жағынан алғанда көп бағыттық сипат алуда. Мәдени және діни плюрализм өмірге толеранттылықты, яғни төзімділікті алып келді. Ол бір жағынан көптүрліліктің салдары болса, екінші жағынан көптүрліліктің дамуының қажетті шарты болып табылады.

Дүниежүзінің көптеген мемлекеттері көп этносты болғандықтан, ерте ме, кеш пе олардың алдынан конфессияаралық немесе этносаралық қатынастар мәселесі шығады. Мұндай жағдайда толеранттылық саяси және әлеуметтік болмыстың әдісі ретінде аса маңызды қызмет атқарады.

Дін мен саясат мұсылман елдерінде тығыз қабаттасып кеткен. Мұсылмандық мемлекеттің басшысы болып, оларға ислам бөлініп кеткен, бір үлкен сектаның басшысы халиф немесе сол халифтен өкілеттілік алған, жиі ретте басқаруда тиесілі орнын алады. Алайда, өткен ғасырларда бұл инвестируаның көбінесе тек формальды болғанын, және де, қашан халиф күшінен айырылғанда, ол өзінен мықтыларға қарсы келмегенін де, атап өткен дұрыс, бірақ Бағдаттық Аббасидтердің құлдырауынан Ұлы Осман империясының пайда болуына дейінгі кезеңде, мұсылмандық елдерде кез келген үлкен революцияға және жаңа мұсылман мемлекеттің құрылуына бар жерде дерлік жаңа діни схизма жолбасшы болады және оны заңдандырды. Қытайда буддизм мемлекеттің бағынуында және қамқорлығында болды; Қытайдың билеушілері табынуға да көңіл бөледі. Жапонияда буддизмге төзімділік танытылады, әйтсе де үкімет қазіргі уақытта ежелгі ұлттық дін Синтоны қолдауға талпынады. Еуропада христиандық конфессиялар тым әр түрлі жайларда болды [1, 16 б.].

Қазақстандық мультимәдениет туралы айтқанда, оның тек көпэтникалық сипатта екендігі жөнінде ғана емес, сонымен бірге оның көптеген діни сұхбаттар нәтижесінде қалыптасқандығы жайында айту қажет. Осы конфессиялар арасында өзара қарым-қатынаста ислам дінінің ерекше рөлі болды. Қазақ мәдениетіне қатысты «ұлттық ислам» деп қаншама ерекшеленгенмен, исламның ұлттық бітімін оның жалпы өркениеттік тұтастығына қарсы қоймаған жөн. Православиялық және конфуцийлік өркениеттер арасында ғасырлар бойы әрекет етіп келген қазақ мәдениеті үшін

ислам басты қорғаушы, мәдени архетиптерді сақтаушы күш рөлін атқарады. Кесімді айтқанда, ислам қазақ халқын ресейлік, қытайлық және батыстық қысымнан рухани қорғап отырды.

Белгілі болғандай, қазіргі әлемде вестернизация мен жаһандануға төтеп бере алатын аз күштер қалды. Бір жағынан ол барша адамзатқа ортақ көкейкесті мәселелерді (атомдық ядролық бомбаның қауіпі, экологиялық жағдайлар, соғыстар т.с.с.) бірігіп шешу жолын бағыттайтын болса және жалпы адамзаттық мәдениет пен өркениеттің ағымына кіру мүмкіншілігін анықтаса, екінші жағынан, ол басқалардың ішінде ыдырап кетуді, өзіндік ұлттық ерекшеліктің жоғалуына алып келуі мүмкін. Жаһандану үрдісінде адамның жекелік проекциясы, өзіндік ерекшелігі, даралығы жоғалып кетеді, ол саясаттың манипуляторына айналады. Ол тек «нақты – тарихи әлеуметтіліктің жекелік құбылысына айналады» [2, 135б.].

Осыдан мынадай бір тұжырымға баруға болады. Жаһандық үрдісімен келіп жатқан вестернизация бұқаралық әлсіз қоғамға өз ойын тез, әрі ұтымды жүзеге асырады. Өйткені, еліктегіш болмыс, тез сенгіштік және өз тарихын бағаламау, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін айыруға барынша мүмкіндік туғызады. Сол себептен, мәдениеттер арасындағы сұхбатты жүргізе отырып, өзіміздің тарихи-мәдени мұраларымызды тек сақтап қана қоймай, оларды құндылық ретінде ұлттық мұратқа айналдыру қажет.

Этностық бірегейлену абстрақтылы ұран болып қалмауы керек. Этностың өзі адамдық Мен төңірегінде заман талаптарына сай модернизацияға ұшырап отыруы қажет. Әр түрлі тарихи дәстүрлер, мәдени үрдістердің өзара ұшырасып, тоғысуының, синкретті бірлігінің нәрінен мол сусындаған қазақ мәдениетінде өзіндік келбеті, таптырмайтын өзіндік даралығы қалыптасты.

Қазіргі ғылымдағы орын ала бастаған, Батыс пен Шығысцентрилік көзқарастарды біріктіретін, жанастыратын көзқарас басқаша. Кез келген қоғамның өсуі мен өшуі сол қоғамдағы адамдардың парасаты мен іс-әрекетіне тікелей байланысты. Барлығына ортақ мәселе – адамның кешегі мен бүгінгісі, қайғысы мен қуанышы, арманы мен тілегі, бақыты мен қиын кезеңдері, болмысы мен болашағы. [3, 58 б.]

Қазақ қоғамы адамзаттың бір бөлігі болғандықтан бүкіл әлемдік рухани және ортақ дағдарыстың ықпалына түседі. Бұл дағдарыстың негізгі белгілері күн сайын бел алып келе жатқан экологиялық күйреу, қылмыстық өсуі, моральдық құндылықтардың аяқ асты етілуі, отбасылық қатынастар іргесінің шайқалуы, ертеңгі

күнге деген сенімнің жоғалуы. Өркениетті осы рухани дағдарыстан құтқару жолында тың идеялар, жаңа дүниетанымдық арналар керек. Бізде еліміздің бай рухани мұрасы, терең имандылық дәстүрлері негізінде жанды арналар бар.

Біздің ұлтымыздың адамдық бейнесі имандылықпен байланысты. Кешегі отаршыл езгі ізгілігін ойрандап кеткен қазақ ауылының моральдық-психологиялық келбеті тек ислам қағидаларымен ғана түзеледі.

Батыстың қолдайтын бағыты-құндылықтарға сәйкес ортаны өзгерту болса, Шығыстың бетке ұстар құндылығы-адамды өзгертіп, жетілдіру болмақ.

Осы орайда жалпы ұлтына, дініне, саясатына қарамай қазіргі Қазақстанның жалпы ортада тұрған құндылықтары қандай?:

1. Демократиялық, экономикалық күшті мемлекет құру;

2. Халықтың руханилығының қайта тудыру идеясы;

3. Ұлттық түп тамырының шарықтауы республикада тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің арасындағы ынтымақтастық қазақ ұлтының келешегіне көп әсер етеді.

4. Республикадағы басқа ұлт өкілдері Қазақстанды демократиялық, унитарлы, зиялы мемлекет, оның территориясы бөлінбейтін, бүтін, мызғымайтындығына сеніммен қарау керекпіз.

Өркениетке де ұлттық ерекшелігімізбен, яғни ұлттық тілімізді өгейсітпей, ұлттық салт-дәстүрімізді жатырқамай, ұрпақтарымызды аздырып-тоздырмай, имандылық, иманжүзділік-әдептілігімізді сақтай отырып жетуіміз керек.

Қазақстандық өркениет, оның негізінде жатқан қазақ халқына, арысы көшпелілерге өркениеттілік тән бе, әлде тұйықталған шеңберден әлі шыға алмай келеміз бе? Тәуелсіздігін алған қазақ халқының, Қазақстан Республикасының өркениеттік даму сатысы қандай деңгейде деген сауалдар зиялы қауымды ойландырып отырған өзекті мәселелердің бірі екені даусыз. Әрбір халық тарихи даму кезеңінде өз болмысын ойлау жүйесі және дүниетанымы арқылы зерделейді. Осының басты идеясын Президентіміз биылғы халыққа жолдауында ерекше атады: «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!» [4]

Ұрпақтан ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізу ұлттық құндылықтардың тұрақты жүйесін жасайды.

Қазіргі және келер ұрпақтар алдындағы, ХХІ ғасырда аса зор жауапкершілік осы тәуелсіздігімізден айырылып қалмау, еліміздің келешегін қамтамасыз ету. Осы тұрғыдағы зәрулі мәселелердің бірі – ұлттық дінімізді, салт-дәстүрімізді, адамдардың тарихи қауымдастығын дәріптеу дер едім.

Жалпы ел мен елдің, ұлт пен ұлыстың арасын идеология емес, мәдениет жалғастырады. Өркениеті қанат жайған елдерде экономикалық даму соңынан мәдени жаңғыру жүреді. Экономика – бұл саясаттың, мәдениеттің негізі, мемлекет, қоғам, әрбір нақты адам, оның отбасы өмірінің кейде еркіндік пен демократия туралы, халық игілігі, өркендеу мен мәдениет туралы сөз қозғап жатамыз, алайда, егер елге қуатты, осы мәселелерді шешуге қабілетті экономика құрылмаса, оның бәрі бос сөз болып қалады [5].

Кез келген мәдениеттің, кез келген өркениет пен дүниетанымның өмір сүруге және өзіне қас-терлі көзқарас болуына деген заңды құқығы бар. Бұл адамзат тарихының барысы айқындаған болмыс. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік түрлі мәдениетер мен діндердің тең құқылы үн қатысуын дамытпайынша, қамтамасыз етіле алмайды. Сондықтан да бүгінде, мәдениеттер мен өркениеттердің сан алуандығын мойындаумен қатар, әлемнің жаңа сапалық жағдайға – шыдамдылық пен еркіндіктің, басқа пікірлер мен нанымдарға төзімділіктің жалпыға ортақ құндылықтарына негізделе алатын жаһандық өркениетке, планетадағы бар мәдениеттер мен діндердің сан алуандығын жоғары көтеретін өркениетке эволюциялану процесіне қолдау білдіру маңызды.

Қазіргі таңда мәдениеттің ұлттық даму шеңберінен шығып әлемдік өркениеттік үрдістерді қозғап отырғанына өзіміз куәгерміз. Алайда аталмыш жаһандық мәселелер ұлттық мәдениеттің өзіндік болмыстық ерекшелігіне нұсқан келтірмеуі керек. Жаһандану қалыптасқан айырмашылықтарды ысырғанымен адамзатты біріктіреді, ендеше осы тұста адамзат үшін ең қажеттісі біртұтастылық. Көптеген зерттеушілердің Қазақстан этносаралық, ұлтаралық келісім мен діни толеранттылық пен тыныштықтың тарихи айқын үлгісі болып табылатындығы туралы ойлары бір жерден шығады. Көп этноконфессиялы аймақтарда тұрақтылықты сақтау үшін өсіп келе жатқан ұрпақты толеранттылық, төзімділік, байсалдылық тұрғысынан тәрбиелеу өте қажетті фактор болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Моска Г. Саяси ғылымдар элементтері // Әлемдік әлеуметтану антологиясы. – Алматы: Қазақстан, 2006. – 385 б.
- 2 Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 344 б.
- 3 Төлеуғали Бурбаев. Ұлт менталитеті. «Елорда», Астана. – 2001. – 248 б.
- 4 Назарбаев Н. «Нұрлы жол–болашаққа бастар жол» халыққа Жолдауы. 11 қараша 2014 ж.
- 5 Ғабитов Т.Х. Ежелгі мәдени мұраларды зерттеудің әдістемелік мәселелері // Қазақстанның мәдени мұрасы. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2005. 964 б.

References

- 1 Mosca G. Anthology elements // World of Political Science and Sociology. Almaty: Kazakhstan, 2006. – 385 p.
- 2 Mametzhonov B. Human and Revealed society. – Almaty: Kazakh encyclopedia, 1998. – 344 p.
- 3 Toleugali Burbayev. Mentality of the nation. «Capital», Astana. – 2001. – 248 p.
- 4 President. «Nurly road way forward» Address to the Nation. November 11, 2014.
- 5 Ğabitov T.X. The study of the ancient cultural heritage of methodological problems // cultural heritage. – Almaty: Abai. National Pedagogical University, 2005. – 964 p.